

Жылыой аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 29-4 "Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 46-12 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 маусымда № 4660 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес Жылыой аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жылыой аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 29-4 "Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4314 тіркелген, 2019 жылы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ү. Жақашев) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Т. Майлыбаев
М. Кенганов*